№11 М.Окороков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ

Бекітемін:
Оқу ісі орынбасары:
_____М.Аукенбаева.
«_16_» «_____» 2024

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Топ: МАД-а

Тәрбиеші: Абуова М

2024-2025 оқу жылы

«№11 М.П. Окороков атындағы жалпы орта мектебі» КММ

Хаттама No

Мектепалды даярлық «А» тобында өткізілген жалпы ата – аналар жиналысының хаттамасы.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы No

2024-2025 оқу жылы

2024жылдың 16 қыркүйек , мектепалды даярлық «А» тобының ата-аналар жиналысы өтті.

Жиналысқа қатысуға тиісті: 20...

Қатысқаны – 20

Қатыспағаны – 0

Себептісі – 0

Мектепалды сыныбының жетекшісі: Абуова М

Күн тәртібінде:І.Ұйымдастыру

Қаралған мәселелер:

1.Баяндама: «Тәрбие отбасынан басталады»

2.Жаңа оқу жылының басталуы. Ата-аналар комитетін сайлау.

3. «Татулық – достық кілті»(психологиялық тренинг)

4.Ағымдағы мәселелер...

Мақсаты:

1. Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.

2. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.

3. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті:

1. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата - ананың жауапкершілігі.

2. Мектепте ата - ананың оқу - тәрбие саласындағы рөлі.

3. Алдағы уақытта баланы тәрбиелеуде тәрбиеші мен ата - ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Әдіс - тәсілдер: пікірлесу, сұрақ – жауап ,психологиялық тренинг т.б.

Ағымдағы мәселелер

1 – Мәселе бойынша

Баяндама: «Тәрбие отбасынан басталады»

“Отбасы –шағын мемлекет

Мен-президент, сен-премьер...”

Қ. Аманжолов

Отбасы- ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі, өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі, кіріс- шығыс бюджеті, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болмыс-тіршілік жақтары болады. Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты. Сондықтан отбасы құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуына тәрбиелеген.

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы – ата – анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат - әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан - жақты дамуына ата - ана, мектеп жағдай жасауы керек.

Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін - өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет.

Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Мектепке келгеннен кейін ол мінез отбасында қалыптасқан тәрбие одан әрі жалғасады. Бір тәуліктің яғни 24 сағаттың 4 сағаты мектепте, қалғаны тәрбие ордасы, үнемі ата - ана болып қала береді. Баланың сабаққа саналы қарап ақылды болып өсуі, ол мұғалім мен ата - ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы, немесе ұшқыр ұшақ жасаумен тең десем артық емес. Дұрыс өспеген жеміс

ағашы, дұрыс жеміс бермесе қуануға бола ма?

Топтық тапсырма:

1-топ: Жеке тұлға деген кім?

2- топ: Жеке тұлға қалыптастыруда мұғалімнің рөлі қандай?

3- топ. Жеке тұлға қалыптастыруда ата-ананың рөлі қандай?

деген сұрақтарға ой бөлісіп, постер құрастырады. Тұжырымды ойларын ортаға салады.

Ендеше психологиялық - педагогикалық тұрғыдан берілетін төмендегі кеңеске құлақ түріңіз:

1. Таңертең (не түсте) мектепке барарында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үніңіз бен күлкіңіз - ақ ұйқысын ашуы тиіс. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, басқа түкке тұрмайтын нәрсеге жүйкесін жұқартпаңыз. Тамағын ішпей жатып ұрыс - керіс ұйымдастырмаңыз.

2. Егер балаңыз мектепке кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да болдың!» астына алып айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.

3. Баланы мектепке (әсіресе таңертен) ашқұрсақ жібермеңіз;

4. «Бұзық болма!», «Қисаландамай тыныш жүр!», «Бүгін сен үшін сөз естіп қалсам, құртамын!» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы сөз естіп,алғыс алып келуіне тілектестік білдіріңіз;

5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін не алғыс алдың?» деп бас салып балыңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген балаңызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз. Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірдеңені айтпақшы болса, «сені тыңдауға уақытым жоқ» демей, арнайы көңіл бөліп, мұқият тыңдаңыз;

6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі - ақ айтады;

7. Баланың бір қылығы үшін мұғалім сізді шақыртып алса, өзара әңгімеге баланы қатыстырмаңыз;

2-мәселе: Ата-аналар комитетін сайлау.

3 – мәселе: «Татулық – достық кілті»(психологиялық тренинг)

1. «Сәлемдесу» жаттығуы

2. «Молекула» жаттығуы

3. Сені көргеніме қуаныштымын жаттығуы.

4- мәселе: Ағымдағы мәселер

а) Сабақтан себепсіз қалмау,қалған жағдайда анықтама әкелу.

ә) дене шынықтыру киімін өздерімен алып келу

б) мектепалды даярлық сыныбына арналған формасы болып, міндетті түрде киеді,ақ бантик ,қара туфли , т.б

в) Мектеп мүлкін бүлдірмеу.

г) Оқу -құралдарын таза ұстау .

д) Қауіпсіздік шарасы бойынша ата –ана тарапын жауапкершіліктерімен таныстыру.

ж)Үйге қайтар кезде ,кім келіп алады баланы яғни үйге қайту ережесін сақтау.

Қаулысы:

1. «Тәрбие отбасынан басталады» атты баяндама тыңдалды.

2. Ата-аналар комитеті төмендегі құрамда сайланды.

Басшысы : Дуйсембиева Мереке Көмекшілері: Ешманова Макпал

Ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар тарапынан қарсылықтар болған жоқ.

II Қорытынды .

ШЕШІМ: Бүгінгі көтерілген мәселелер бойынша бірауыздан қабылданып ,барлығы тарапынан ризашылық білдірілді. Ата - аналар бір біріне жүрекше сыйлау арқылы ыстық лебізін білдіреді.

Жиналыс төрайымы: Абуова М

Жиналыс хатшысы: